



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015




«Yǒng» - мәңгі, мәңгілік, бітпес. Жоғарыға, биікке ұмтылған таңбаларға қарай отыра, шексіз де шепсіз сәуле бейнесін көре аламыз. 1 - қанат қағысына ұқсас, 2 - төменнен жоғарыға бағытталған бейнеге ұқсас. Яғни, мәңгілікке ұмтылу - бітпес бағыт.



«Jīn» - алтын. Аз сөз алтын демекші, алтынға тоқтар жөніміз бар. Қазақ халқы алтынды салмақты сөз бен тәрбиелікке теңеген. «Алтындай адам» сөз тіркесі осыған дәлел. 1-ші - бөлігін жер асты деп қарастырсақ, 2 - ші бөлігі көзге түсер, лаулап тұрған бір бейнеге ұқсас, оны алтын деп алдық. Яғни, толықтай келе, жердің астындағы пайдалы қазба деген тұжырым.



«hei» - қара түс. Әр елдің тарихында немесе мәдениетінде қара түс сәтсіздікпен байланысты. Назар аударсаңыз, бір құбыжық бейнеленіп тұрған секілді. Иероглифтің дәл ортасын сызық бөліп тұр. Бұл әр нәрсенің, құбылыстың жақсы және жаман жағы бар екенін көрсетеді.



«Chuān» - киіну, киім кию Бұл қытай тіліндегі ең оңай иероглифтың бірі. Көріп тұрсаңыз, 1 – басы, 2 – кеудесі, 3- аяғы бар немесе аяқ киім киіп тұрған адам бейнесіне ұқсайтын секілді. Яғни «Chuān», басынан аяғына дейін киіну деген мағынаға ие болып тұр. [3]

Иероглифалық жазбалар өз ішінде күрделі, әрі түрлі ой рендерін білдіре отыра, сарқылмас мүмкіндіктер жасырып тұрған тарих.

Олардың көбісінде сиқыр мән-мағына бар. Соған назар аударсаңыз, қиындықтармен сирек кездесесіз.

Қолданылған әдебиет

1. Қазақстан үшін инвестициялық мүмкіндіктер.
2. Ли Бау Шұнь. Қазіргі заман қытай тілі грамматикасы.
3. Лу Фу Бо. Қытай тілі грамматикасын оқыту қолданбасы.

ӘОЖ 39 (=581)

ҚЫТАЙ МӘДЕНИЕТІНІҢ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Құлманова Құралай

Адамзат қоғамының тарихи сабақтары дәлелдеп бергеніндей, мәдени ауыс-күйіс пен рухани түсіністік негізіне құрылған тату көршілік, достық қарым-қатынастар ғана баянды болмақ. Бұл мақсатқа жету үшін бізге сол елдің тілі мен әдебиетін, тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрін, бір ауыз сөзбен айтқанда, ол халықтың рухани құндылықтарына жататын дүниелерін жете меңгеру міндеті біздің мойнымызға өз-өзінен жүктеледі.

Кеңес одағы ыдырап, еліміздің тәуелсіз, дербес мемлекет ретінде халықаралық аренаға шыққанына жиырма екі жылдан асып, жиырма үшінші жылға аяқ басып барады. Осы уақыттар ішінде Шығысымыздағы алып көршімізбен саяси, экономика, шекара, қорғаныс т.б. салаларында ғана емес, мәдени, рухани салаларда қарым-қатынастың күн санап нығайып келе жатқаны бірден аңғарылар еді.

Қытайдың ұзақ тарихы бар. Шаң патшалығының ескі жұрты табылған соң қытайлар өздерін бес мың жылдық тарихқа иеміз деп дәлелдеді. Ал Шаң патшалығы сол заманының біршама жоғары деңгейіндегі мәдениетке ие болған. Ал, бұндай өреге жету үшін біршама ұзақ уақыт керек екендігі айтпасада түсінікті. Сондықтан, қытай мәдениеті ұзақ тарихқа ие деп қараймыз. Ертедегі мәдениеттердің кейбіреуі жоғалды, кейбіреуі басқа мәдениеттерге сіңісіп кетті. Немесе басқа мәдениеттер жағынан жойылды. Қытай мәдениеті аз санды ерекше мәдениеттер қатарына жатқызуға болады, себебі азсандаған өзгерістер болғанымен, ол Иін, Шаң дәуірінен бері жалғасып келуде. Мысалы, ата-бабасына тауап ету қатарлылар. Ендеше, не үшін қытай мәдениеті үздіксіз жалғасып келді ? Бұл жай жағдай емес, қайта үлкен зерттеуді қажет етсе керек. Ал әдеттегі көзқараста қытайлар тұрмысының баяндылығына, қағида-жосынға өте мән береді. Көп балалы, көп немерелі болуға құштарлығында деп қарайды. Рейәл тұрмыстың баяндылығына көп көңіл бөлгендіктен, батыстықтар сияқты арманшыл емес, қайта ұлттың жойылып кетпеуіне, жалғасты ғұмыр кешуіне себеп болады. Тарихта талай реткі аз санды ұлттардың жаулауына тап болсада жойылып кетпеуі бұған дәлел. Көп балалы болу ол табиғи апаттардан немесе үркін-қорқын соғыстардан кейінгі адам санының тез қалпына келуіне онды әсерін тигізіп отырған. Бұдан өзге төмендегідей негізгі себептері бар.

Біріншіден, табиғи ортаның ерекшелігі қытайдың шығысы мен оңтүстігі теңіз, батысы мен солтүстігі асқар таулар болып келеді де, табиғи қорған қалыптастырған. Таяу заманғы теңіз жолдарының ашылуынан бұрын қытайдың басты алапаты солтүстіктен келген. Ғұндар, түріктер, моңғол, манжурлардың жорықтары қытайларды бағыныштылыққа ұшыратты. Бірақ, олар осындай жорықтармен билеулерден кейін де өз мәдениетін, тілін, ұлтын сақтап қалды [1, 14 б]. Бұның себебін қытайлар солтүстіктегілер қару-күштен озғанымен, экономика, саясат, әдебиет, философиядан бізден оза алған жоқ деп қарайды. Сірә, қандай себеп, ол үлкен зерттеуді қажет етеді. Ал Апиын соғысынан кейін батыс отаршылдары қытай мәдениетіне зілді соққы берді, және өзгертулер енгізді. Теңіз ашылуға дейін қытай мәдениеті үшін табиғи орта алтын бесік болды.

Екіншіден, егістік өндірістің ықпалы. Заманымыздан бұрынғы 2000 жылдардың өзінде Қытайда отырықты егіншілік пайда болды, бұл топ күні бүгінге дейін жалғасып келуде. Егістік өмірдің ерекшелігі ол тыныштықты қалайды, және өзгерімпаздығы өте төмен. Мұндай орта адамды мәңгіліктің қойнауына жетелейді. Бұдан сырт, Чин, Хан патшалығынан соң Қытайдың егістік техникасы өте аз өзгерді. Бұл қытайлардың жаңалық жаратуына, өзгеруіне бөгет жасады, бұның нәтижесінде оларда мәңгілік тыныш сезімдерді берді. Бұны қытайдың тағылымдарынан көруге болады. Мысалы: «Тек жүз жылдық егіс бар, жүз жылдық мансап жоқ», «Жамбыл бір оттық, егіс сан ғасырлық», «Бабалар ағаш ексе, балалары отын алар», «Тарта жесең тай қалады, қорқа жесең қой қалады», деген сияқтылар. Бұл нақылдардан ұзақты, болашақты ойлайтынын көреміз. Бұндай идея олардың мәдениетіне сіңіп ғасырдан ғасырға жетелеуде идеялық негізі болды [2, 39 б].

Үшіншіден, бір томағалық мінезі.Қытайлардың бұл мінезін қалыптастырудағы себебікөп.Негізінен тарихтағы кешулерінде алаңдаушылық көп болғандығынан, және әдеп-ибаға мән беретін мәдениеті қалыптастырды деп қарауға болады . Іс бітіруде сабырлы, мұқият жеңілтектікке бой алдырмайтын, аманында жаманын ойлайтын мінездерді қалыптастырған. Ал, алаңдаушылығының негізінде жігері тез қайтатын, бірер іске жолыққанда алды-артын ойлайтын болса, әдеп-ибаға, қағида-жосынға мән бергендіктен адаммен қақтығыспауды, адамына қарай іс көруді жөн санаған. Бұған дәлел ретінде: «Тау артында тау бар, бір адым шегінсең өрісің ұзарар» т.б. сияқты нақылдар қытай ұлтының менталиетін сипаттайды [3, 72 б].Чүншю дәуірінен тартып қытайлар тағылымшылдар жүйесімен жүрді (Конфуций ағымындағылар). Әрине бұның өзіндік себептері мен тарихы бар. Өйткені Чүншю заманынан кейін Қытай құлдық ережесінен феодалдық ережеге өтті. Әрі осы ережеде екі мың жылдай тұрды. Феодалдық билеушілерге тағылымшылдар жүйесі қызмет жасады. Яғни, олардың билік мүддесіне сәйкес билеу тәсілін ұсына алды. Сол себептен билеушілер тағылымшылдар жүйесін қорғап, басқа ағымдағыларға соққы берді. Мұның нәтижесінде тағылымшылдар идеясы бүкіл Қытай мәдениетінің рухани өзегіне айналды. Қытай мәдениетінің қайнар көзіне айналып, дамуына жол ашты. Бұл өзек қытай мәдениетінің бүкіл желісін көрсетіп бере алады. Ежелде Қытай мәдениетін қытайлар өздері жасады ма, жоқ па дегенге өздері ешқандай күмән болмаған. Тіпті, бұндай ойлау да миларына кіріп шықпаса керек. Тек Таяу заманда ғана батыстың Қытай мәдениетін танушылары бұл сұрақты қойды. Ал бұдан 12 жыл бұрын яғни 1882 жылы **ол(кім)** (八卦 Bāguà) балшылық Вавилоннан таралған дегенді жариялап үлгірген. Оның мұндай көзқарастары қытайдың ғылым саласындағыларға өз әсерін тигізді. Мәселен, 刘光汉 (Liúguānghàn) Лю Гуаң ханның мемлекет құру мақаласы, 章太炎(Zhāngtài yán) Жаң Тай Янның каста (индиядағы қоғамдық жік) мақаласы, 章太炎(Zhāngtài yán) Жаң Тай Янның каста (индиядағы қоғамдық жік) мақаласы, 将观元 Jiāng guān yuán) нәсілдер тізімі қатарлылар бұл пікірге терістеулер жүргізді. Бұл талас жарыққа шыққан соң Лаузы (老子 lao zi) мен Мо зы (墨子 mo zi) қытайлық емес пе дегеннің өзі талас түйініне айналды. Қытай мәдениеті бүкілдей батыстан келмегендіктен, оны қытайлықтар өздері жаратты деп ойлаймыз. Қазір кейбір тағылымшылдар жүйесін қорғаушылар бұл мәселеге ертедегілер сияқты қытай мәдениеті түп-тамырымен қытайлар өздері жаратқан. Оның қайнары мойызым деп қарайды. Ал, батыстың мәдениеті көп саладан құралған деп қарайды. Әрі бұны батыстық мәдениетімен шығыстық мәдениеттің ең үлкен айырмашылығы деп қарайды. Архелогиялық тексерулер арқылы алып қарасақ, Қытай мәдениеті тек жерлікті тұнық мәдениет деу ағаттық . Архелогия маманы Жоу Линның өзі сірә Қытай мәдениетінің қанша пайызы өзінің төл мәдениеті дегенге анық жауап айта алмайды. Қолда бар материалдарға негізделсек анық ажыратып айта алатын тұстарымызда бар. Мысал ретінде айтар болсақ, Қытайдың ежелгі сауыт-сүйек жазуында бидайды «来 lai» деп жазған, қазіргі қолданып жүрген «麦 mai» емес [4, 48 б]. Яғни «来» келу дегенді білдіреді. Демек бидайдың сырттан келгендігін көрсетіп тұр. Қытайдың ертедегі арбасы батыстың арбасымен ұқсап келеді. Найза мен айбалтада батыстық үлгіде. Архелогиялық тексерулер заманымздан бұрынғы екі мың жылдар немесе одан бұрындар батыспен белгілі байланыстардың болғандығын фарфор ыдыстардың пішініне қарап анықтап отыр. Екіншіден, Қытай мен батыс мәдениеттерінің өзара әсерлеріне әрине табиғи нәрсе деп қарауға болады. Өйткені бәрі де адамдар арқылы жарыққа келді, және өзара қажеттіліктермен толықтырулар арқылы байланыс жүргізіледі. Батыс мәдениетінен тыс Қытай мәдениеті төңірегіндегі басқа ұлт, ұлыс, ру-тайпалар мен мәдениет алмасулар жүргізген, әрі ықпалдарына ұшырап отырған. Шаң (商 Shāng) патшалығының көркемөнері (东夷 Dōng yí) Дұң И (ертедегі қытайдың шығысындағы халықтарды көрсетеді) тайпасының әшекей өнерінің ықпалына ұшыраған. Әрине, Қытай мәдениеті ежелгі өркениет елдерінің бірі болғандықтан, ол өзінен де көптеген мәдениеттерді туындатқан, әрі бұның сырттан қабылдаған мәдениетінен көп екені айқын, әйтпесе ешкім де Қытай мәдениетін мойындамас еді. Айтар болсақ, Гу Бо (骨卜 Gǔ bo), жібек құртын жетілдіру, әшекей өнері т.б. бұдан сырт Қытай мәдениетінің өзінен

туындағанына ең айқын дәлелі ол Қытай жазуы. Қытай жазуы жеке даму системасына ие, неше мың жылдық тарих толқынының туындысы. Сауыт-сүйек жазуына үңілер болсақ, Қытай жазуы Иін (殷代 yīndài) патшалығы тұсында сурет салу арқылы барлыққа келіп, одан кейін сызықтарды белгіетіп жасалып дами түскен. Егер алты ереже (六书 lù shū) (қытайдың әріп жасау ережесі) ақылы түрге бөлсек, осы алты ереженің бәрі қамтылады. Сауыт-сүйек жазуын зерттеушілерге сүйенсек, пішіндемелі таңба (象形 Xiàngxíng) көп бөлігін ұстайды. Идеографиялық жазумен нұсқама да көбірек, пішіндік дыбыс сөзі мен басқалары да кезеседі. Иін, Шаң патшалығы тұстарында жазудан сырт қола қорыту, әскери-саяси жақтарда жүйелі ұйымдастырулар болды [5, 17 б].

Шығыс егіншілік мәдениеті Қытайды негізгі еткен мәдениет, төменде біз оны жеке-жеке аудандарға бөліп қарайтын боламыз. Гуандоң мәдениеті қосалқы ауданы. Негізгі орны Қытайдың шығыс солтүстігінде, орны Шанхай Гуандоңның шығысында болғандығы себепті осылай аталған. Бұл аудан тарихта аз ұлттар шоғырлы қоныстанған аудан, Миң, Чиң патшалығынан бұрын негізгі экономикалық түрі балық аулау болатын. Миң, Чиң дәуірінен кейін, бұл ауданға қытайлар келе бастап, дамуы тездеді, қазіргі күнде Қытайды негізгі тұлға, Манжурлар бытырай орналасқан, батысында дағұр, ылынчүн, іуінкі ұлттары, Чаңбайшан ауданында кәріс ұлттары да бар. Қытай мен кәріс ұлты егіншілікті ал басқа ұлттар балықшылықты негіз етеді. Ұқсамаған экономикалық түзіліс астында, ұқсамаған ұлттық салт-сана, наным, көркемөнер қалыптастырған. Уәкілдік көркемөнерінен шығыс солтүстіктің «кезектеспелі ән-би» (екі адам алма кезек ән айтып би билейтін түр) т.б.

Янжау мәдениет қосалқы ауданы. Бүгінгі Қытайдың Хэбей өлкесін өзік етіп, солтүстігі Яншань тауына, батысы Тайхаңшан тауына, шығысы Боқай теңізіне, оңтүстігі орта жазыққа жетеді. Бұл ауданда Қытай ұлты негізінен егіншілікпен шұғылданады. Бұл жердің мәдениет салты ақпейіл асқақ келеді, сайыскерлік жаппай етек алған, тарихта талай батыр-бағландар шыққан. Бұл ауданның көркемөнері алуан түрлі, уәкілдік сипаттарынан Пекин театрі, Пинжүй театрі, Хыби театрі, У чияу серік ойны қатарлылар [6, 23 б]. Сары топырақты үстірт қосалқы мәдениет ауданы. Қытайдың әйгілі сары топырақты үстіртіне иек артып, батысы Хыши тауымен, шығысы Тайхаңшан тауының сілеміне, солтүстігі ұлы қорғанға, оңтүстігі тайбайшан тауына жетеді. Бұл аудан қытай мәдениетінің ошағы, Сун патшалығынан бұрын Қытайдың саяси, экономика, мәдениет орталығы болған. Тарихы ұзақ, қытай ұлтын негіз еткен дәстүрлі экономикалық түрі егіншілік. Мың жылдықтар дамудың нәтижесінде, аса көп заттық мәдени құндылықтарды қалдырды, бүгінгі Шиянши өлкесі «жер астындағы мұражай» ал Шанши өлкесі «жер үстіндегі мұражай» деп аталған. Бұл жердің халқы ықыласты, қарапайым, көркемөнерлік стилі жоғары. Уәкілдік көркемөнерлерінен Чинчияң әуені, Шанши театрі қатарлылар бар.

Орта жазық мәдениет қосалқы районы. Тұтқа орны қазіргі Хэнан өлкесі, ертедегі тоғыз облыстың орталығы болғандықтан, ертеде «орталық обылыс» атанған. Хуанхы өзені қажарып өтіп жатады. Тарихта сары топырақты үстірт мәдениетімен тығыз қарым-қатынаста болған [7, 64 б]. Әрі содан кейінгі Қытайдың байырғы саяси, мәдениет орталықтарының бірі. Ұзақ уақыт патшалықтардың астанасы тұрғандықтан тарихта талай-талай ғалымдар мен біліктілер шыққан. Дәстүрлі экономикалық түрі егіншілік, Шаулин сайыскерлігі, Хынан театрі қатарлылар.

Бесінші, Чилу қосалқы мәдениеті. Бүгінгі Шандоң өлкесін негіз етеді. Чунчю, Қытай тұсында бұл жерді Чи, Лу бектіктері тұрғандықтан, ежелгі аты Чи Лу жалпақ даласы делінген. Хуанхы өзенінің төменгі ағысында орналасқандықтан топырағы қалың, құнарлы келеді. Егіншілік балықшылықпен шұғылданған. Конфуцишілдік ағымының пайда болған жері, екі мың жылдық тарих барысында осы арадан өркендеп, қытайға таралып қытай мәдениетінің жауһарларының біріне айналды. Осы жерде конфуцишілдіктің әсерінен халқы әдебиетке бейімделіп, ершіл болды. Шандоң барабаны, Шандоң театрі, Шандоң желдірмесі т.б.

Алтыншы, Хуанхы өзені алабындағы мәдениет. Негізінен, солтүстігі Лұңхай темір жолына, оңтүстігі Чаңжияң алабына, батысы Хынан, Хубейге, шығысы Жияңсуға жетеді,

бүгінгі Анхуи, Жияңсу өлкесінің солтүстіктерінде. Мейлі тарихта қытайдың саяси, экономика, мәдениет орталығы Хуаңхы алабында болсын, әлде Чаңжияңның төменгі ағарына алмасқанда болсын, бұл аудан орталықтан алыс шет аудан болды. Әрі табиғат ортасының өтпелі өңірде тұрғандықтан бұл ауданның мәдениетінде оңтүстік, солтүстік мәдениеттің өтпелі ерекшелігі бейнеленіп тұрады.

Мысалы, бұл жердің дәстүрлі экономикасы егіншілік болсада, формасы жағынан күріш егуге өткендігі байқалады, ал тілдері солтүстіктегілерден гөрі оңтүстіктегілерге бейім. Елге таныс көркемөнерлерінен фыңияң барабан биі, Хуайхай театрі, Лючиын аспаптарын айтуға болады.

Жетінші, Башу мәдениет ауданы. Сычуан ойпатында орналасқан. 3000 жылдың алдында ба мемлекетінің астанасы бүгінгі Чүңциң қаласында болған, 2400 жылдың алдындағы Шу мемлекеті Чыңдуды астана еткен, сондықтан адамдар бұл ауданды Ба Шу жері деп атауға дағдыланған. Бұл жерде дәстүрлі егіншілік экономикасы біршама дамыған, ойпаттың төрт тарабы қатерлі асулар болып, әскери істер жағында ұрыс пен қорғанысқа тиімді болған. Оның сыртында сыртпен байланысқа тиімсіз болғандықтан айқын ерекшелікке ие аймақтық мәдениет қалыптастырған. Сычуан театрі осы ауданның негізгі театрі болып ойнақы, күлдіргі келеді [8, 58 б].

Сегізіншіден, Жиң, Шияң мәдениет ауданы. Чаңжияңның орта ағарына орналасқан, Ұңтиңху көлі жазығын, Ушан тауын. Улиңшан тауын батысы, Шығысы Му Фу, Угөң Жу тауларымен, солтүстігінде да Бие Шан тауларымен, оңтүстігінде бес шың мен (ючәңлиң, дупаңлиң, мыңжулиң, читиянлиң, даюлиң шыңдары) шекараласады. Бұл жердің топырағы құнарлы, климаты ылғалды келіп ертеде егістік жақсы дамыған, кейбір Қытай оқымыстылары бұл жерді Қытайдың ертедегі мәдениет орталықтарының бірі деп қарайды, және кейбіреулері Хуаңхы өзені мәдениет орталығының дамуынан келіп шыққан дейді, мейлі Хуаңхы мәдениетімен қандай байланысы болсын бұлар өзіндік мәдениет ерекшелігі бар екендігі айқын. Чүнчю қытай дәуіріндегі чу мәдениеті кейінгі мәдениет дамуға маңызды ықпал жасаған. Театр жағынан ханжүй театрі, Хубей театрі, барабан театрі, шай театрі қатарлылар бар. Халық арасындағы ән-би көркемөнері де біршама көп.

Тоғызыншы, По яң мәдениеті. Негізгі орналасқан жері Чаңжияң дариясының орта, төмен ағарының Оңтүстік жағалауындағы По Яң Ху көлі маңын көрсетеді [9, 81 б]. Бүгінгі Жияң Ши өлкесі. Бұл ауданның бір жағы дария, үш жағы қоршалған тау. Егістікті негіз еткен, таулы ауданның көп болуы бұл жердің экономикасының дамуына тосқындылық жасаған, бірақ көркем көріністі таулары коңфуцишілдіктің, даосизмнің, буддизм қасиетті жерлері деп қаралған. Мысалы, Лу шан мен Лүңху шан таулары. И яң әуені қытайдың төрт сарынының бірі, тасқындаған, жігерлі келеді.

Оныншы У Юе мәдениеті. Чаңжияң атырабы мен Хаңжоу шығанағына орналасқан. Бұл арада өзендер жиі, көлдер көп, климаты жылы, ылғалды, егістік дамыған. Жақсы экономикалық негізі рухани мәдениетінің дамуына жақсы негіз қалады. Су Жоудың орманы, Су Жоу кестешілігі, кітап үйінің төрт асылы қатарлылар экономиканың дамуымен тығыз қатынасты. Күнсарыны, Юе театрі қатарлылар уәкілдік көркемөнерлері.

Гуаңдоң, гуәңшүй өңірлері. Гуаңдоң, Гуәңшүй өңірлеріне орналасқан. Ұзақ уақыттан бері Қытай мәдениетінің орталығының жанына орналасқан, кейінгі жылдардан бері Қытай мен шеттің мәдениет алмасатын түйініне айналған, сол арқылы өзгеше мәдениетін қалыптастырған. Гуаңдоң театрі, Гуаңдүң музыкасы, Гуаңдоң, Гуаңши суреті өзіндік мәдениет ерекшелігіне ие [10, 48 б].

Қытай мәдениеті және оның шығу тегі туралы ғалымдар әр түрлі көзқарастар ұстанып келеді. Олардың ортаға салған анықтамалары мен түсініктемелерінің ұзын саны екі жүзден артық. Солардың ішінде біздің пікірімізге сай келетіні мәдениет дегеніміз – адамзат қоғамының дамуы барысында жаратылған барлық материалдық байлықтар мен рухани байлықтардың жиынтығы. Ал материалдық байлық пен рухани байлықтың барлығы да географиялық ортадан бастау алып, экономика арқылы өркениетке өтетіндігін ескергенде мәдениеттің де, өркениеттің де экономикалық географияның маңызды құрамдас салалары

екендігі анықталады. Өркениет туралы да пікірлер көп. Мәселен, И.Гердер мен Э.Тайлор өркениетті мәдениетпен синоним ретінде қарастырса, Ж.Ж. Руссо қатарлы ғалымдар өркениетті мәдениеттің ақыры, оның егделік шағы деп түсіндіреді. Ал, өркениетті мәдениеттің биікке көтерілуі, қоғамның парасаттылық деңгейі деп бағалайтын Ф.Вольтер және Д.Беллдердің пікірімен санасуға болады. Демек, өркениет – мәдениеттің дамыған түрі немесе мәдениеттің техникалық дамуы.

Қолданылған әдебиет

1. Буров В.Г. «Китай и китайцы глазами российского учёного» / М.: Изд-во института философии РАН, 2000.-206 б.
2. 冯天瑜、何晓明、周积明著. «中华文化史» (Қытай мәдениетінің тарихы)/ , 第二版, 上海人民出版社 , 2005.-567 б.
3. 张岱年、方克立主编 《中国文化概论》 / (Қытай мәдениетіне кіріспе, 2 басылым, Пекин педагогика университеті)第二版, 北京师范大学出版社 , 2005.- 487 б.
4. 北京师范大学民俗典籍文字研究中心.中国文化的地理背景 / [DB/OL]. [http :// mdwen. bnu. edu. cn/ kzjs/](http://mdwen.bnu.edu.cn/kzjs/)(Пекин педагогикалық университетінің зерттеу орталығы)zgwhgl_web/1. htm ,2006.-47 б.
5. 阴法鲁.《中国古代文化史》(Қытай мәдениетінің тарихы) (1、2、3册) /许树安主编, 第一版, 北京大学出版社 , 2004/-254 б.
6. 马敏. «中国文化教程» / 武汉:华中师范大学出版社 , 2002.-418 б. (Қытай мәдениетінің негіздері, Ухан, Педагогика университеті)
7. Гончаров С.Н. «О Китае средневековом и современном: Записки разных лет» /. овосибирск: Наука, 2006. -83 б.
8. Линь Юйтан. «Китайцы: моя страна и мой народ» / Вост. лит-ра, 2010. -335с.
8. Малявин В. «Китай управляемый» / Старый добрый менеджмент. М.: Европа, 2007-304 б.
9. Штритматер К. Инструкция по применению: Китай. М.: Аякс-Пресс, 2006. 256 б.

ӘОЖ 78.01(510)

ҚЫТАЙ МУЗЫКАСЫНЫҢ ЖАНРЛАРЫ

Құрманалі Мөлдір

kurmanaliova_moldir@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Шетел филологиясы: қытайтілі» мамандығының ІІ курс студенті

Ғылыми жетекшісі:Тойбол Қарақат

Қытай музыкасының жанрлары тек орындау стилі мен нақышына негізделмеген. Олар географиялық өзгешеліктер, өмір салтының ерекшеліктері және қоғамдағы технологияның даму деңгейінің көрінісін береді.

Қытай музыканттарын тіпті ашық түрдегі плагиатта, сонылығы жоқ деп жиі кінәлайды. Кантондық және мандариндық поп-музыканың бұрынғы композицияларының көбісі батыс және жапон поп/рок әндерінің әуенін қайталап, оған тек өз текстерін қойып орындайды. 90-жылдардың студенттер қозғаласының жетекші тұлғасы - Гао Сяосун қытайлықтардың (Қытай халқының 98 пайызы) әуенге қарағанда сөз сөйлеуі дұрысырақ екенін айтады, себебі поэзия мен әдебиетке қарағанда ел тарихын жазуда музыка ешқашан қолданылған емес[1, 15].